

Ұйымдастырылған оқу қызметтің вариативтік жоспары

№6 «Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы

Тәрбиешілер: Келгенбаева З. Т.
Бабажанова А. Б.

Бейсені



БЕКІТЕМІН

М. А. Аманжолұлы, бекетжай-

сақтау және өңдеушісі

А. Н. Есбол

2019 ж.

«Үш тілдің патшалығы» вариативтік бөлімі

Мақсаты:

Ауызекі сөйлеу тілін және жаңа білім беру барысында балалардың елестету, есте сақтау, ойлауларын, сондайтанымдық әрекетін, қызығушылықтарын дамыту.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Ит және оның кішкентай күшіктері	1	5.09.19м
2	Кожсекпен ойталық	1	3.10.19м
3	Қуыршақ Әйгерімнің туған күні	1	4.11.19м
4	Әңгімеле... (Балалардың екі түрлі ойыншықты бейнелеп, сипаттау әңгімесін құру)	1	5.12.19м
5	Қонажық бізде қонақта (Сахналау)	1	2.01.20м
6	Әйгерім дастарқанды әзірлеп жатыр (Грамматикалық сөздер қатары)	1	6.02.20м
7	Қонақтарды күтеміз	1	5.03.20м
8	Менің сүйікті үй жануарларым (Өз тәжірибесінен әңгіме құрастыру)	1	2.04.20м
9	Ертегіні тауып айт (Үлгі бойынша мазмұнын айту)	1	4.05.20м
10	«Қолғап» украин халық ертегісін сахналау	1	4.06.20м
11	«Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісі	1	
12	Қоянның туған күні (ойдан ертегі құрастыру)	1	
Барлығы		12 сағат	

Әдіскер:  Л. Р. Жалымбетова

Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
Ит және оның кішкентай күшіктері	Сурет мазмұнына қарай әңгіме құру білігін жетілдіру. (Педагог үлгісі бойынша). Бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға үйрету.	Жұмбақ: Адамға серік, Күзетке берік. (ит) Демонстрациялық құрал: <i>Ит және оның кішкентай күшік суреттері.</i> - Балалар, мұндағы суреттен біз нені көріп тұрмыз? - Иттің баласын не деп атайды? - Ал иттің дауысын немесе дыбысын еске түсірейікші? Ит не істейді? («Үреді» сөзіндегі «Ү» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау). - Ал олар қалай үреді? («аф-аф» дыбысындағы «ф» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау) - Ит үй жануары ма? Әлде жабайы жануар ма? Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: иттің дене мүшесімен таныс болу және оны сипаттай білуге үйрету. Шарты: хатқалтадағы (конверт) қиындыларды жылдам біріктіру арқылы ит бейнесін шығару және оған сипаттама беру. Сурет бойынша әңгіме құрау: Демонстрациялық құралдағы «Ит және оның кішкентай күшіктері». Сергіту жаттығу Терезені ашайық, Таза ауа кірсін деп. Жаттығуды жасайық, Денем мықты болсын деп.

Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
Көжекпен ойналық	Сөйлемді толық құрауға, етістік сөздерді қолдана білуге үйрету, дыбысты анық айтуға дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Жануарларға деген сүйіспеншілігін оятуға тәрбиелеу.	Ғажайып сәт: ойыншық сұр қоянды қонақ ретінде таныстыру. Сұрақ-жауап: - Балалар бұл не? - Кәне, қайталаймыз. (<i>Қ дыбысын буын ішінде келтіріп қайталау арқылы жасаттығуды орындату.</i>) Қо-қо-қо - қоян. Құ-құ-құ - құлақ. Қа-қа-қа - қалам. Қы-қы-қы - қылыш. Қу-қу-қу - қулық. (<i>«Қ» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыз қуысынан еркін шықпай, қысылып шығатындығын балаларды айтқызу арқылы ажырату.</i>) Қоянға сипаттама беру. Сергіту жаттығуы: «Сұр қоян». Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбырды, Ойлы-қырлы жерлермен, Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. (Т. Бердияров) Дидактикалық ойын «Көжекпен ойналық» Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамыту және жылдамдылыққа үйрету. Ойын шарты: тіл дамыту дәптерімен орындалады, Көжек-тің сәбізге дейінгі жолын сызып көрсет.

Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
Құыршақ Әйгерімнің туған күні	Балалар ойыншық туралы әңгіме құруға, өз ойларын толық сөйлемдер арқылы жеткізе білуге үйрету. Әңгіме құрастыруды үйрету арқылы шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу. Ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Эстетикалық талғамын арттыру.	«Құыршақ» тақпағын жаттату. Біздерде бар құыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ, Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. (Н.Әлімқұлов) Тақпақ жаттатудың әдіс-тәсілі: «Суретті жаттау.» Түсіндірілуі: суреттерді тақтаға салып, әр қатарға салып, тақпақты жаттап алу. Дидактикалық ойын «Ойыншықты тап» Ойын мақсаты: ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу. Шарты: тығылған ойыншықты тауып, атын атап, түсін, үлкен, кішілігін ажыратып, сол ойыншыққа өздерің мейірімді тілек тілейсіңдер. Әңгіме құрау. «Құыршақ Әйгерімнің туған күні» Сергіту жаттығуы. Ал балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.

Тақырыбы	Максаты	Сабақ барысы
Әңгімеле... (Балалардың екі түрлі ойыншықты бейнелеп, сипаттау әңгімесін құру)	Балаларды педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар жайлы шағын әңгімелерді бейнелеп айта білуге үйрету. Хабарлы сөйлемді қолдану арқылы өз ойларын дұрыс жинақтап, қысқаша әңгіме құрай білуге үйретуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Ойыншықтармен дұрыс ойнай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Ойын «Ойыншық қандай фигураға ұқсайды?»» «Д» дыбысын буын ішінде айыруға берілетін жаттығуы. Да-да-да - дала. До-до-до - доп. Ду-ду-ду - думан. Дә-дә-дә - дәптер. Ди-ди-ди - диван. Сергіту жаттығуы Домала, доп, домала, Балшыққа тек жолама. Жек көремін оныңды, Бүлдіресің қолымды. Секіріп өт ордан да, Секіріп өт жолдан да, Қуса күшік жетпесін, Машина басып кетпесін. (Ө. Ақыпбеков) «Менің сүйікті ойыншықтарым» тақырыбында әңгіме құрастыру. Шарты: қуыршақ және машина ойыншықтарын алу және олардың бір-бірінен айырмашылықтарын айта келе, әңгімелеу.

Күні	Тақырыбы	Мақсаты	Сабак барысы
	<i>Қонжық бізде қонақта (Сахналау)</i>	Балаларды шағын тапқартарды жатқа оқуға, кейіпкерлер бейнесін сомдауға көркем оқу әдіс-тәсілдерін қолдануға, дауыс ырғағына, дыбыстау көркемдігіне көңіл аударуға үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ізетілікке тәрбиелеу.	«Аю» өлеңін оқып беру. Тауға шықсам - қалың қар, Сайға түссең - қалың қар, Шырша үсті қалың қар, Байқандар, қар астында Ұйықтап жатқан аю бар. (И.Токмакова) Сергіту жаттығуы. Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. Дидактикалық ойын «Қайсысы нені жақсы көреді?» Мақсаты: баланың ойлау қабілетін дамыту, кейіпкерлер бейнесін сомдауға баулу. Шарты: тіл дамыту дәптерімен орындалады. Суретте берілген жануарларды, құстарды жақсы көретін тағамдарымен қосу.

Күні	Тақырыбы	Максаты	Сабак барысы
	<i>Әйгерім</i> <i>дастарқанды</i> <i>әзірлеп жатыр</i> <i>(Грамматикалық сөздер</i> <i>қатары)</i>	Жұрнақ жалғану арқылы жасалған жаңа сөздерді корсету (қант сауыт, нан салғыш, тұз салғыш, май салғыш, шәйнек, су құйғыш), балаларды септіктелген сөздерді сан есімдердің түрлерін үйретуді жалғастыру, балалардың жай сөйлем құрылымын еркін ұғынуына, жай сөйлем мен күрделі сөйлемді қолдана алуына да ықпал ету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. «Ас атасы - нан» ұғымын түсіндіре отырып, нанды қастерлеуге тәрбиелеу.	«Қ» дыбысына дыбыстық жаттығу орындату. Қа-қа-қа-қан. Қа-қа-қа-қат. Қан-қан-қан - дастарқан. «Қазақы дастарқаным» әнін тыңдату. Әнін жазған: М.Ілиясов Сөзін жазған: Ж.Боранбаев Бүгінгі ел ішінде Дәстүрді жалғастырған. Татулық белгісі ме, Жағалай малдас құрған? Қ-сы: Ей, менің асқар тауым, Қазақы дастарқаным. Өзіңнің бақ-берекем, Ақ қайнар бастауларым. Нақыл сөз «Ас атасы - нан» Сергіту жаттығуы Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық. Мазмұнды-рөлді ойыны «Дүкенші» Мақсаты: баланы мамандыққа үйрету. Ойналу шарты: бір баланы сатушы етіп, қалған балалар сатып алушы болып ойналады.

Тақырыбы	Мақсаты	Сабак барысы
Қонақтарды күтеміз	Заттарды топтастыра суреттеуге үйрету, (ыдыстар: асүйлік, асханалық). Сөздік қорды жаңа сөздермен байыту, олардың атқару қызметін ұғындыру. Қонақжайлылыққа тәрбиелеу.	Шеңбер құрып тұрып «Гүл иіскеу» ойынын ойнату Мақсаты: балалардың ауызекі тілін дамыту. Қолданылуы: шеңбер бойымен гүлді иіскеп көреді және гүлге әсерлі сөздер айту қажет. Ойын «Көңілді доп» Мақсаты: Ыдыстардың аттарын дұрыс атауға үйрету. Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, педагог ортаға тұрып, балаларға допты ақырын лақтырады. Оны қағып алған бала кез келген ыдыстың атын айту керек. Ескерту: бірінің айтқанын бірі қайталамайды. Сергіту жаттығуы Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бұрыл. Сағаттың тіліндей, Иіліп солға бұрыл. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым. Тіл ұстарту жаттығуы Ыс-ыс-ыс Болсын мол ыр-ыс, Болып қапты қ-ыс Аман болсын ту-ыс, Ыдыстарды жу-ыс.

Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
Менің сүйікті үй жануарларым (Өз тәжірибесінен әңгіме құрастыру)	Жұмбақты шешу арқылы, балаларды өз тәжірибесінен әңгіме құруға, сөйлеу барысында сын есімдер мен етістіктерді (жануарға сипаттама беру арқылы, қайда өмір сүретіні, немен қоректенетіні) қолдана білуге үйретуді жалғастыру. Сұрақ-жауап арқылы жануарлардың түрлерін білуге, төлдерінің қалай аталуын, еркелету арқылы қалай атайтынын үйрету. Балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғыну білігін дамыту. Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу, жанашырлық сезімдерін ояту.	Жұмбақ Иір-иір денесі, Сахараның кемесі. Ащы шөптер тамағы, Шөлге шыдап бағады. – Бұл не? (Түйе) Тіл ұстарту жағтынуы Ие-ие-ие Шөгіп жатыр түйе. Құлындайды бие, Табылар саған ие. Сергіту жағтынуы. Мен өркешті түйемін, Басымды жерге иемін. Маң-маң басып далада, Жантақ жеуді сүйемін. Дидактикалық ойын «Үй жануарлары» Ойын мақсаты: үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. Шарты: хатқалтадан үй жануарлары бейнеленген суреттерді алып, сол суреттегі жануарды атап, олардың дауысын келтіріп, (мө-мө-мө, мяу-мяу-мяу) оларды адамдар қалай еркелетіп атайтынын айту.

Күні	Такырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
	<i>Ертегіні тауып айт</i> <i>(Үлгі бойынша мазмұнын айту)</i>	Сұраққа жауап беруде, ертегі жолдарын қолдану арқылы, толық сөйлеммен айта білуге үйретуді жалғастыру. Ертегіні қайталап айта білу біліктілігін дамыту. Бір-бірін алдамауға және достыққа тәрбиелеу.	«Ә» дыбысына жаттығу орындау. Ә-ә-ә-ә-әтеш. Ә-ә-ә-ә-әтір. Ә-ә-ә-ә-әк. Әт-әт-әт-әткеншек. Ертегі оқу: «Әтеш пен Тотықұс» Сергіту жаттығуы Қанатымды жазамын, Жоғары-төмен қағамын. Биік көкте айналып, Жұлдыздай жылдам ағамын. Ойын «Ұшты-ұшты не ұшты?» Мақсаты: баланы тез ойлануға және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету. Шарты: ұшатын заттарды тез анықтап, екі қолын жоғары көтеру керек.

Тақырыбы	Мақсаты	Сабак барысы
«Қолғап» украин халық ертегісін сахналау	Ертегіні тыңдай білуге және қайталап дауысын айнытпай салуға үйрету және оң-сол ұғымдарын бекіту. Сахнада ойнай білу іскерліктерін дамыту. Сөйлеу мәнері мен қарқынына аса мән бере отырып, кейіпкерлер бейнесін көркем сомдауға, олардың ішкі жан-дүниесін жеткізе суреттеуге ұмтылыстарын арттыруды дамыту. Бірлікке, достыққа тәрбиелеу.	Жұмбақ Бес балаға бір бешпент, Бірге киіп, бірге шешпек. (Қолғап) «Қолғап» ертегісі Сұрақ-жауап: - Балалар, сендерге ертегі ұнады ма? - Балалар, ертегі не жайында айтылған? Мақал-мәтелді қайталау «Досы көпті жау алмайды» Сергіту жаттығуы Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім, екеуін, Болады екен он саусақ. Дидактикалық ойын «Сыңарын тап» Мақсаты: Оң-солды ажырата білу, қолғаптың сыңарын дұрыс табуға үйрету. Ойын шарты: «Қолғаптың сыңарын тап» тапсырмасын орындау.

Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
«Арыстан күшігін асыраған мысық» ертегісі	Ертегіні тыңдай білуге, оны мазмұндауды үйретуді жалғастыру. Кейіпкерлердің өзара сөйлесуін көркем түрде қолдану арқылы ертегінің ішкі сырын, айтылу керек ой-түйсігін, мән-мағынасын бұзбай байланыстыра баяндай білуге үйретуді дамытуды жалғастыру. Бір-біріне деген бауырмалдық, жанашырлық сезімдерін ояту, жақсылық жасауға тәрбиелеу.	Демонстрациялық құрал (Арыстан және оның күшігінің суреті) Мысық пен арыстан туралы қандай ертегілер білетінін және қандай мультфильмдер көргенін сұрау. Ертегі «Арыстан күшігін асыраған мысық» Дамытушы сұрақтар: - Мысық ненің күшігін кездестірді? - Арыстан күшігінің анасы жоқ болғандықтан, Мысық оған қандай көмек көрсетеді? - Арыстан күшігі үлкен болып өскеннен кейін қандай іс-әрекетін, мінезін көрсетеді? - Оны біліп қойған Мысық не істейді? - Сол кезде Арыстан Мысыққа не дейді? - Сонда Мысық не деп жауап береді? Жақсылықты жақсылықпен қайтару керектігін балалар санасына құю. Сергіту жаттығу «Мысығым» Құйрығын қуып ойнайды, Қума десем қоймайды. Шыр көбелек айналсам, Жетемін деп ойлайды. Піш-піш десем келе ғой, Айтқаныма көне ғой, Шақырғанда «піш-піш» деп, «Мияу» деп дыбыс бере ғой. (А. Менжанова)

Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ барысы
Қоянның туған күні (ойдан ертегі құрастыру)	Балаларды берілген тақырып бойынша ертегі ойлап табуға, онда бірнеше кейіпкердің рөлін көркемдеп сипаттай білуге үйретуді жалғастыру, тілек айтуға үйрету. Өз тәжірибесінен әңгімелей білу қабілеттерін дамыту. Бір-бірін сыйлауға, сыйластыққа үйрету.	Жұмбақ Қалқиып ұзын құлағы, Елендеп қорқып тұрады. (Қоян) Демонстрациялық құрал Жабайы жануарлардың қоянның туған күнінде отырған сәті Сергіту жаттығуы «Сұр қоян» Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбырды, Ойлы- қырлы жерлермен, Ытқыш-ытқыш жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. (Т. Бердияров) Ойдан ертегі құрастыру Сурет бойынша «Қоянның туған күні» тақырыбына ойдан ертегі құрастыруын талап ету.

№11 «Аружан» бөбекжай-бақшы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

**№6 «Қарлығаш» даярлық тобы
Ұйымдасқан оқу қызметінің вариативтік жоспары**

(номерленген, бет саны 13 бауланған, мөрмен бекітілген)

МКҚК № 11 «Аружан» 5/6

менгерушісі А.Ш.Есбон

